



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

- Самостоятельная жизнь и ответственность за самого себя
- Смена атмосферы и окружения
- Возможность знакомства с новыми людьми

На сегодняшний день образование за рубежом – актуальное явление среди казахстанских абитуриентов. Из 25 тыс. казахстанских студентов, ежегодно выезжающих обучаться за рубеж, около 2 тыс. обучаются в университетах Америки.

По данным Institute of International Education, число поступивших казахстанских студентов на программы бакалавриата и магистратуры университетов США с 2010/11 по 2011/12 академический год увеличилось на 2,5%, что составляет 1890 и 1938 студентов в 2010/11 и 2011/12 учебном году соответственно. В связи с этим, американские вузы заинтересованы в увеличении числа казахстанских студентов. Учитывая это стремление, Генеральное консульство США в Алматы в сотрудничестве с Коммерческой службой США и Education USA проводит образовательную и туристическую выставку «Американская мечта».

Согласно статистике на 2016 год, наиболее популярными странами для образования среди абитуриентов из Казахстана стали Россия, Китай, страны Европы и США. Из 30 тысяч абитуриентов ровно половина, то есть 15 тысяч человек уехали в Российскую Федерацию. На втором месте Китай, 10 тысяч казахстанцев. И около 5 тысяч студентов выбрали страны Европы и США. Большая часть студентов обучается по стипендиальным программам принимающих сторон. Данная тенденция положительно влияет на количество и качество образованных людей в стране, становлению нового поколения с новым взглядом на различные ситуации. Но есть и другая сторона медали – многие студенты, окончив зарубежные ВУЗы, остаются работать на процветание другой страны, причиной является другой менталитет, хорошая заработная плата, высокий уровень жизни, что является так называемой «утечкой мозгов».

Международный культурный обмен – естественный процесс человечества, которое стало активно развиваться в последнее время. Есть несколько направлений и форм культурного обмена между странами. Данный процесс влияет на страны и является одним из главных единиц, способствующих развитию страны и международных отношений в целом. Также не следует забывать о возможных негативных последствиях, которые могут привести к искоренению одного или нескольких факторов культурного наследия страны или народа.

Список использованных источников:

1. http://australian_english.enacademic.com/26222/cultural – перевод
2. Садохин А.П. Межкультурная коммуникация: Учебное пособие. М.: Альфа-М; ИНФРА-М, 2004. – 288 с.
3. https://studopedia.su/19_171365_ponyatie-mezhdunarodnogo-kulturnogo-obmena.html
4. Персикова Т.Н. Межкультурная коммуникация и корпоративная культура: учеб. пособие. – М.: Логос, 2011. – 224 с.

ӘОЖ 81'246.3

ҮШТІЛДІЛІК-ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жұмажанова Еңлікгүл Дәулетқызы

yenlikgul@gmail.com

Журналистика және саясаттану факультетінің студенті, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б. Ш. Кадрина

«Менің тілімнің шекарасы – менің әлемімнің шекарасы»
Людвиг Витгенштейн, австриялық философ және логик.

Әңгіменің құндылығы мен өзектілігі, оның қозғаған тақырыбы мен сол тақырыпты ашу деңгейіне орай бағаланады. Менің ой өрбіткелі жатқан тақырыбымның төркіні - үштілділік мәселесі болмақ.

Бәріміз білетіндей тіл-бұл қарым-қатынас құралы. Тіл болмаған жерде өзара түсінісу, байланыс болмақ емес. Әсіресе қазіргі таңда, ел мен елдің, мемлекет пен мемлекеттің иық тірестіріп, бәсекеге түскісі келетін кезеңінде, мемлекеттік тілмен бірге шетел тілін, оның ішінде қолданыс аясы әлемде кең тараған ағылшын тілін меңгеруден біздің мемлекет тек қана ұтады.

Ойлап қарасақ, қазақ тілімен қоса халық арасында қолданыста жүрген орыс тілі кейбіреулер айтпақшы «қазақтың соры» емес, оның артықшылығы болып тұрғаны даусыз. Орыс тілін меңгергенінің арқасында азаматтарымыз қоғамдағы кез-келген мәселені оңайлықпен шешеді. Бұл жерде біз бір нәрсені түсінуіміз керек. Қазақ тілі-бұл мемлекеттік тіл. Ол тілді шеттетуге, шектеуге ешкімнің қақы жоқ! Бұл қатып қалған ереже, мемлекеттік талап. Осы елдің кез-келген азаматы білуі тиіс қағида! Яғни мемлекеттің ішіндегі мәртебесі ең үлкен байланыс құралы – бұл мемлекеттік тіл! Оның мәртебесін төмендетуге ешкімнің қақы жоқ. Дей тұрғанмен мемлекет өздігінше жеке дара өмір сүре алмайды. Ондай болған күннің өзінде әлемдегі ең кедей, әлеуеті әлсіз, азаматтарының құқы белгілі бір мөлшерде тапталған мемлекет болуы мүмкін. Қазіргі жаһандану кезеңінде мемлекеттің жеке дара өмір сүруі мүмкін емес дүние.

Аталмыш тақырып жөніндегі Елбасымыздың “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын.

Жаһандану дегеніміз не? Ол өзге алып мемлекеттердің әлемге ықпалы. Оның әсері қоғамның барлық саласында айқын байқалатын болады. Оған қарсы тұру мүмкін де емес. Оған біз тек қана оның тілі-ағылшын тілін меңгеру арқылы қана жете аламыз. Яғни ағылшын тілін білу-бізге жаһандану заңдарының жақсы жақтарын қабылдауымызға көмектесе алады. Жаһанданудың ұтымды тұстарын игілігімізге жаратуымызда ағылшын тілі бізге жол көрсететін болады. Халық ағалшын тілінің мүмкіндіктерін сол кезде түсініп ұғына алады.

Мемлекет басшысы үштұғырлы тіл мәселесін қозғағанда бәріміз, оның ішінде еліміздің зиялы қауым өкілдерінің біразы қолдай қоймағаны белгілі. Бұл туралы еліміздегі қазақ тілді басылымдар талай өз қарсылықтарын айтып жазды. Олар әлі де жазып жатыр. Әрине, оларды да түсінуге болады. Олардың айтпағы – ағылшын тілін жастар жаппай үйренер болса қазақ тілі оның көлеңкесінде қалып қояды, болды. Бір қарағанда ол да дұрыс. Бірақ жаһандану үдерісіне ілеспей Түрікменстан сияқты есік-тереземізді тұмшалап отыра алмаймыз ғой. Бізге ағылшын тілді мемлекеттер, оның ішінде Европа мемлекеттерімен, Америка құрлығындағы алып мемлекеттермен сауда, бизнес, ғылым, медицина т.б. салаларда үлкен байланыс орнату керек. Ондай ауқымды жұмыстарда аудармашылардың көмегі өте аздық етеді.

Бұл жерде аудармашының ауыз екі аудармасы емес кәсіби медицина, кәсіби бизнес, кәсіби сауда тілі, сол салалардағы ағылшын тілі керек болады. Егер жастарымыз өз салаларында ағылшын тілін жетік меңгерер болса ел экономикасында айтарлықтай ілгерілеу болады. Мемлекет жан-жақты іргелі елдермен терезесі теңеледі. Себебі, жастары сауатты.

Қалай десек те қазіргі таңда ғылым мен техниканың тілі-ағылшын тілі.

Бұл ретте ел президенті Н.Әбішұлының бұл мәселені терең зерделеп қарастырғаны құптарлық іс. Мемлекет, оның азаматтары, әсіресе жастар жағы бір күнімен ғана өмір сүрмеу керек. Жаһандану дәуірінде айналамыздағы құбылыстар көз ілеспес жылдамдықпен жүріп жатыр. Күнде бір емес бірнеше өзгерістер болып жатыр. Қоғамдағы қай салада болмасын сол өзгерістерді өз салаларына тездетіп енгізу кемшін болып жатқаны тілді жетік меңгермегеніміздің кесірі десек болады.

Ағылшын тілін меңгеру-жастардың әлемді тануына жол ашады. Жастарымызға шексіз

мүмкіндіктер береді. Өзге де дамыған елдер бізбен санасатын болады. Біз дамыған елдердің игіліктерін тіл білу арқылы алып қана қоймай, өзіміздің жетістіктерімізді де оп-оңай оларға көрсете аламыз.

Жақында Алматы қаласына жолым түсіп Алматы-Астана поездына отырдым. Жол-жөнекей менің назарымды Қарағандыдан отырған жас қыз өзіне еріксіз аударды. Оның энергетикасы сондай жағымды еді. Байқағаным, ол менімен таза қазақша тілдесіп отырды. Тіпті сөз арасына бірде бір орыс сөзін қоспағаны мені таң қалдырды. Қазақшасы өте қою, әдемі екен. Купедагі екінші жолаушы орыс келіншегі екен. Ол кісімен де оп-оңай орыс тіліне көшіп, сөйлесіп отырды. Бір кезде оның қол телефоны шырылдап қоя берді де, ол Алматыда оқып жатқан әлдебір құрбысымен оп-оңай ағылшын тілінде сөйлесіп кетті. Әлгі орыс келіншегі екеуміз сүйсініп қарадық. Сөйтсек, құрбысы Оңтүстік Кореядан Алматыға келген болып шықты. Гүлнәр сол құрбысына бара жатыр екен. Өңгімелесе келе мен Гүлнәрдің Қарағандыдағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 10 сыныпта оқитынын білдім. Сөз арасында одан армандарын сұрадым. «Англияда техникалық университетте оқығым келеді, аманшылық болса мектебімді аяқтасам, сол жақта білім алуды жоспарлап жүрмін», - деді. Қатты сүйсіндім. Түсінгенім, Назарбаев Зияткерлік мектебі өз білім алушыларына талапты қатты қояды екен. Жаратылыстану сабақтары ағылшын тілінде жүргізілетін болып шықты. Яғни оқушыларда ағылшын тілді мұғалімдермен үнемі сол тілде практика, қарым-қатынас бар. Нәтижесі тамаша. Түсінгенім, Гүлнәр үш тілде еркін сөйлейді. Сөз арасында оның қазақ елінің жанашыры екенін де байқадым. Нағыз патриот дерсің. Қазақтың болашағы туралы әңгіме болғанда көзі жанып кетеді. Кемшілігіне күйінеді. Ішімнен: «осы қалпынан таймаса екен» деп отырдым, әрине.

Айтпағым, ағылшын тілін меңгеру жастардың артықшылығы болар еді. Олар үшін әлемде болып жатқан кез-келген жаңалық пен ақпарат қолжетімді болары сөзсіз.

Әрине, ағылшын тілін бір күнде немесе бір жылда жаппай үйреніп алу керек, деген шолақ ой тумауы керек. Бұл ақырындап, кезең-кезеңімен іске асырылуы қажет дүние. Бұл бағытта қазір елімізде біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Тіпті шетелден мамандар тарту жұмысы да жүргізілуде. Нәтижесі жаман емес. Өз басым жақын таныстарымның 9 жастағы баласына ағылшын мұғалімі сабақ беріп, мектептегі арнайы курста тіл үйретіп жатқанын білемін. Сыныптағы 15 шақты бала айналдарған алты ай ішінде біраз сөздерді үйреніп сөйлем құрай алатындай деңгейге жеткен. Өкініштісі, мұндай курстарды елдің бәрінің қалтасы көтермейді. Бұдан шығатын қорытынды – бізде маман тапшы. Сондықтан да мемлекеттік деңгейде осы істі қолға алу жағы әлі де әлсіз. Шетелдік мамандар өз еңбегіне біздің қалтамызға салмақ түсіретіндей ақы сұрайды. Байқағаным, мұндай курстардың ең арзаны айына 10-15 мың көлемінде. Ал ондай ақшаны кез-келгеннің қалтасы көтере бермейді. Ал бұл отбасында 3-4-5 баласы барлар үшін өте қамбат және ол мұғалімдердің қалай сабақ беріп жатқанын қадағалап отыру жұмысы жолға қойылмаған.

Екінші мәселе, ақпарат көздеріне ағылшын тілінде жүретін 1-2 сағаттық бағдарламалар енгізілсе дұрыс болар еді. Балаларға арналған жеңіл бағдарламалар ол балалардың тіл сындыруына әсер етер еді.

Қазақта «тамшы тас теседі» деген жақсы бір мақал бар. Біз айтқан осы шаруа жүйелі түрде жастардың, балалардың жүйкесіне салмақ түсірмейтіндей ақырын жүйелі түрде жүргізілетін болса нәтиже болары анық. Сол процесс одан кейін мектеп қабырғасында және ЖОО қабырғасында жалғасын табар болса құба-құп. Бірақ ол үшін жақсы жолға қойылған жүйе мен білікті мамандар қажет. Тілді білгеннен әлі ешкім ұтылған емес.

Ғылымсыз ешбір мемлекетте өркендеу болмайтыны анық. Тек қана шикізатқа тәуелді болып келген мемлекетіміздің өз өнімін өзінде өндіріп, рынокқа шығаратын кезі келді. Ол үшін өндіріс орындарын көбірек ашып, ғылымға басымдық таныту керек. Жастарымыздың шетелден алған білім мен тәжірибесі осы жолда үлкен көмек болар еді. Ағылшын тілінің қажеттілігі сол кезде анық байқалады. Үйренуден қорықпау керек.

Қорытындылай келе мемлекет басшысының көтеріп отырған осы мәселесі орынды, дегім келеді. Ағылшын тілі-мемлекеттің экономикасын, ғылым мен техникасын өрге

сүйрейді. Еліміздің өркендеуіне ықпал етеді. Мемлекеттік тіл-қазақ тілі еліміздегі барша халықты біріктіретін, мемлекеттің мемлекеттілігін айқындайтын негізгі тіл болса, ағылшын тілі ғылым мен техниканы дамытатын, өзге елдермен терезесін теңестіретін тіл болуы тиіс. Әрі біз «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» мақалының өрісін мейілінше кеңейтіп, ой мен жүрекке тоқи білсек, анық білім мен көркем мінездің иесі атанамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. «Тілдік қатынас негіздері».– Алматы, 2006.
3. Әбдуәли Т. «Үштұғырлы тілден түңілмейік» – Жетісу, №31. 2008
4. Тәңірбердіқызы Т. «Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес» – Қазақ әдебиеті, №48. 2008

ӘОЖ 811.512.122+811.111

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «АНГЛИЦИЗМДЕР»

Жұмасатова Шынар Бисенбекқызы

shynar.zhumassat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультеті, Журналистика мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші –Р. Е.Кусаинова

Әр халықтың тілі – уақыт өте келе жаңарып, көне сөздер қолданыстан шығып, кірме сөздермен толығып отырады. Қазақ тілі де солай. Еліміз тарихта талай шет мемлекеттермен байланыс орнатқаны белгілі. Нәтижесінде қазақ тіліне араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінде сөздер еніп, сіңісіп кетті. Нақтырақ айтқанда мұғалім, нөкер, кітап, жәрмеңке, сөмке деген сөздердің тарихы басқа елдерден келген дегенге сену қиын. Және олардың да өз ерекшеліктері бар. Мысалы, араб тілінен қазақ тіліне оқу – білім саласындағы мектеп, кітап, ғылым, әдебиет деген сөздер енген болса, моңғол тілінен нөкер, жарлық деген тарихи сөздер мен Алтай, Зайсан сынды жер-су аттары енген. Бұдан кез-келген халықтың тілі жеке өмір сүрмейтіндігін байқаймыз.

Лингвистика ғылымында англицизмдер деген ұғым бар. Бұл ағылшын тілінен енген сөздер. Соңғы 20-30 жылдар ішінде қазақ тіліне ағылшын тілінің сөздерінің қарқынды енгені соншалық, бұл құбылысты лингвистер ағылшын-қазақ билингвизм құбылысы деп атап жүр.

Ал енді «Халықаралық қарым-қатынас тілі- ағылшын тілінен қазақтарға қандай сөздер енген?» деген сұраққа жауап берейік.

1. Интернационалды сөздер (интернет, кастинг, т.б.)
2. Жаңа техника атаулары(монитор, калькулятор, т.б.)[2]

Англицизмдер лекцикалық, семантикалық болып екіге бөлінеді.

Лекцикалық англицизмдер дегеніміз – дыбыстық өзгеріске ұшырап немесе жаңа ұғымдармен бірге туып қолданысқа енген терминдер. Мысалы, «computer center» – компьютер орталығы.

Семантикалық англицизмдер дегеніміз – сөзбе-сөз аударылып, ешқандай өзгеріске ұшырамай қолданысқа енген сөздер. Мысалы, «fast food» – фаст фуд.

Көбінесе, кірме сөздер қабылдаушы елдің грамматикалық заңдылықтарына бейімделеді. Мысалы, ағылшын тілінен енген «рельс» деген сөз ағылшынша жекеше түрде «rail» болса, көпше түрде «rails» болып айтылады. Ал қазақ тілінде ол көпше түрінде алынып «рельс» деп аталып, көпше түрде «рельстер» деп айтылады. [2]

Англицизмдердің екі түрлі жасалу жолы бар.